

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарманың шешімімен
Хаттама № 8 « 27 »

2024 ж.


проф. Н.О. Дулатбеков



«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
Хаттама № 5 « 27 » 06

2024 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M02303-Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар

Деңгейі: Магистратура

Қарағанды қ.
2024

КЕЛІСІМ ҚАҒАЗЫ

«7M02303 – АУДАРМА ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ SMART-ТЕХНОЛОГИЯЛАР» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«КЕЛІСІЛДІ»

«Сары-Арқа» АҚ Басқарма Төрағасының м.а.

Аэропорт «Сары-Арқа» АҚ
Р.О. Габбасов

2024 ж. «24»

05

«КЕЛІСІЛДІ»

«Карцемент» АҚ бас атқарушы директоры

Джордж Розарио Рамэш

2024 ж. «24» 05

7M02303 – Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар дайындау бағыты бойынша білім беру бағдарламасы :

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151-І«Тіл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы ұлттық біліктілік шеңбері;
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 04.04.2023 № 145 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының 2018 жылғы 13 қазандағы №569 сыныптауышы;
- Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2021 жылғы 26 қаңтардағы №14 бұйрығымен бекітілген «Аудармашы» кәсіби стандарты;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген "Педагог" кәсіптік стандарты;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандарты.

«7M02303 – Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар» білім беру бағдарламасы

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының паспорты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары	
3	Білім беру бағдарламалары тобы	
4	Кредиттер көлемі	
5	Оқу бөлімі	5
6	Оқыту тілдері	5
7	Берілетін дәреже	5
8	ББ түрі	5
9	БХСЖ бойынша деңгейі	5
10	ҰБШ бойынша деңгейі	5
11	СБШ бойынша деңгейі	5
12	БББ айырықша ерекшеліктері	5
	Серіктес ЖОО (ББББ)	5
	Серіктес ЖОО (ҚДБББ)	5
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	5
14	Аккредиттеу органының атауы және БББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі	5
15	БББ мақсаты	5
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	5
а)	Түлек лауазымдарының тізбесі	5
б)	Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері	5
в)	Түлектің кәсіби қызметінің түрлері	6
г)	Түлектің кәсіби қызметінің функциялары	6
17	Түлек моделі	23

Білім беру бағдарламасының паспорты

№	Параметр атауы	Сипаттама
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	«7M02303 – Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар»
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар
3	Білім беру бағдарламалары тобы	7M023 Тілдер мен әдебиет
4	Кредиттер көлемі	120
5	Оқу бөлімі	күндізгі
6	Оқыту тілдері	қазақ, орыс, ағылшын
7	Берілетін дәреже	филология ғылымдарының магистрі
8	Білім беру бағдарламасының түрі	инновациялық
9	БХСЖ бойынша деңгейі	Деңгей 7
10	ҰБШ бойынша деңгейі	Деңгей 7
11	СБШ бойынша деңгейі	Деңгей 7
12	Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері:	-
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	28.07.2020 жылдан №016 KZ83LAA00018495
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	-
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты:	Нарық сұраныстарына сәйкес жаңа технологиялық шешімдермен дәстүрлі аударма әдістерін қолдануда, зерттеу және практикалық дағдылары бар лингвистикадағы аударма және SMART - технологиялар саласында жоғары білікті мамандарды даярлау.
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы а) түлек лауазымдарының тізбесі б) түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері «7M02303 – Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар» білім беру бағдарламасы түлектерінің кәсіби қызмет саласы болып:	«7M02303 – Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша магистратура түлегіне «гуманитарлық ғылымдар магистрі» дәрежесі беріледі. «7M02303 – Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы: - орта бейінді және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында, гуманитарлық бағыттағы мекемелерде шет тілдері мен әдебиеті оқытушысы ретінде филологиялық білім беру;

<p>Кәсіби қызмет объектілері «7M02303 – Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің кәсіби қызметінің объектілері болып</p> <p>в) Түлектің кәсіби қызметінің түрлері:</p>	<ul style="list-style-type: none"> - редакторлық іс; - баспа ісі; - бұқаралық ақпарат құралдары және басқалар. <p>Кәсіби қызмет объектілері «7M02303 – Аударма және тіл біліміндегі SMART-технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің кәсіби қызметінің объектілері болып: білім беру мекемелері, білім департаменттері, баспалар, БАҚ, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация ұйымдары, ақпараттық–талдау мекемелері және т. б.), мәдениет мекемелері, халықаралық ұйымдар, түрлі ақпараттық-талдау қызметтері, елшіліктер мен өкілдіктер, министрліктер, туризм жөніндегі агенттіктер, аударма бюролары және басқа да ұйымдар мен кәсіпорындар, жоғары оқу орындары.</p> <ul style="list-style-type: none"> - аудармалық (әртүрлі жанрлық мәтіндер мен құжаттардың жазбаша аудармасы, келіссөздердің, халықаралық кездесулердің, конференциялардың ауызша аудармасы); - ұйымдастырушылық (түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, кәсіби және қоғамдық органдар мен ұйымдар құру); - өндірістік–басқарушылық (отандық, шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің тиісті бөлімшелерінде кәсіби міндеттерді басқару және орындау); - ақпараттық-талдамалық (әлеуметтік–саяси талдауды жүзеге асыру, іскерлік хат-хабарларды, есептерді, шолуларды, жағдай болжамдарын жасау, аудармаларды редакциялау); - шығармашылық (әдеби шығармаларды шет тілінен ана тіліне және ана тілінен шет тіліне көркем аудару); - баспалық (аудару, баспа өнімдерін өңдеу, түзету); - ғылыми-зерттеушілік (практикалық материалдарды жинау және өңдеу, аударма және мәдениетаралық коммуникация мәселелері бойынша баяндамалар мен мақалалар дайындау); - БАҚ-тағы қызметі; - білім беру мекемелеріндегі педагогикалық қызмет.
---	--

	г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:	<ul style="list-style-type: none">- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;- аудармаларды орындау;- мәтіндерді, оның ішінде шет тілдерінде редакциялау;- білім беру мекемелерінде сабақтар өткізу және дәрістер оқу;- білім беру саласындағы менеджментті жүзеге асыру;- халықаралық ұйымдар мен бизнес құрылымдарда шет тілдерінде іскерлік құжаттаманы жүргізу.
--	--	---

Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Жоғары әлеуметтік құндылықтарға, философиялық танымның негізгі қағидалары мен әдістеріне берілгендігін көрсетеді; қабылданған моральдық және құқықтық нормаларға негізделген қауымдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен кәсіби өзара әрекеттесуге дайын болуы.
	ОН 2	Педагогикалық және психологиялық міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты жинауды, талдауды, таңдауды жүзеге асырады.
	ОН 3	Берілген кәсіби жағдайларда арнайы кәсіби бағдарланған материалды қолданады.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 4	Кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды қолданады.
	ОН 5	Өзінің білімін үнемі жетілдіріп отырады және бүкіл кәсіби қызмет барысында өзгермелі технологияларға сәтті бейімделеді.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 6	Аударма және лингвистикадағы түрлі бағыттарды талдайды; тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияда аударманың барлық түрлерін жүзеге асырады.
	ОН 7	Мәдениетаралық қарым-қатынастың барлық салаларында коммуникативті мәселелерді шеше отырып, жазбаша және ауызша түрде шет тілінде сөйлеуді қабылдайды және қалыптастырады.
	ОН 8	Кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде лингвистика ұғымдары мен категорияларымен еркін жұмыс істейді.

Оқу нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндердің атауы	Көлем (ECTS)
ОН 1 ОН 2	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық және тарихи аспектілері	Ғылым тарихы және философиясы	4
		Жоғары мектеп педагогикасы	4
		Басқару психологиясы	4
		Педагогикалық практика	4
ОН 4 ОН 6 ОН 7	Кәсіби тілдер	Шет тілі (Кәсіби)	4
		Әдеби және шығармашылық жазу	4
		Кәсіби бағытталған ғылыми байланыс (ағылшын тілінде)	
ОН 3 ОН 4 ОН 6 ОН 7 ОН 8	Аударма және лингвистиканың теориялық және қолданбалы аспектілері	Прагматикалық және когнитивтік лингвистика	5
		Аударма және лингвистикадағы SMART технологияларына кіріспе	
		Аударманың лингвомәдени аспектілері	5
		Тіл және ойлау	
ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8	Аударматану және лингвистиканың қазіргі теориялық және практикалық трендтері	Аударма менеджменті және жобаларды басқару	4
		Аударматану мен лингвистикадағы зерттеу әдістері	4
		Аударма дидактикасы	4
ОН 3 ОН 4 ОН 6 ОН 7 ОН 8	Аударма мен лингвистикадағы Smart-технологиялар және мәдениетаралық коммуникация	Аудиовизуалды аударманың қазіргі тенденциялары	7
		Тілдік локализация	
		Тұлғааралық коммуникация және цифрлық мәдениет	7
		Мақсатты аудиторияға лингвистикалық әсер ету технологиялары	
		Smart-технологиялар саласындағы ауызша аударма	7

		Әр түрлі мәтіндердің жазбаша аудармасы	
		Арнайы аударма. Қысқаша мазмұн және аңдатпалау жасау	6
		Аударма сапасын бағалау	
		Зерттеу тәжірибесі	14
ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	24
ОН 2 ОН 6 ОН 8	Қорытынды аттестаттау	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	8

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндер мен практикалардың атауы	Пәннің, практиканың қысқаша сипаттамасы	Кредитт ер саны	Оқыту нәтижелерінің кодтары							
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8
Негізгі пәндер циклі											
ЖОО компоненті											
D1	Ғылым тарихы және философиясы	Ғылыми білімнің оның дамуға бейімділігі мен өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени бейіні туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Философия, ғылым әдіснамасы, ғылым танымдық қызмет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт және қазіргі өркениеттегі мәдениеттің ерекше саласы ретінде қарастырылады.	4	+	+						
D2	Жоғары мектеп педагогикасы	Жоғары білімнің қазіргі парадигмасы және жоғары мектептегі ғылыми қызмет теориясы туралы идеяларды қалыптастыру және білімді дамыту мақсатында зерттеледі. Педагогика, кәсіби мамандарды тәрбиелеу, білім беру ұйымдарында оқытудың кәсіби дағдылары, жоғары мектепте педагогикалық бақылау және білімді бағалау туралы сұрақтар қарастырылады.	4	+	+						
D3	Басқару психологиясы	Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру; менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді қолдану ерекшелігі; тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары; басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері; менеджердің жеке ерекшеліктері.	4	+	+						
D4	Шет тілі (Кәсіби)	Кәсіби қарым-қатынас жағдайында тиімді қарым-қатынас жасау үшін шет тіліндегі сөйлеу іс-әрекетінің ептіліктері мен дағдыларын дамыту мақсатында зерттеледі. Курс мамандандырылған әдебиеттермен жұмыс істеу	4				+		+	+	

		тәсілдерін, ауызша және жазбаша екі жақты аударма тәжірибесін үйретуге арналған. Арнайы мақсаттар үшін шет тілінің ерекшеліктері және кәсіби сөйлеу нормалары қарастырылады.										
D5	Педагогикалық практика	Магистратура түлегінің кәсіби қызмет объектілерінің бірі – әртүрлі институционалдық және әлеуметтік білім беру құрылымдарындағы оқу-тәрбие процесін тереңдетіп зерделеу мақсатында зерделенеді. Кәсіби педагогикалық қызметтің нақты шарттарымен таныстырады; арнайы пәндер бойынша алған теориялық білімдерін, таңдалған мамандық бойынша қажетті әдістерді, ептіліктер мен дағдыларды бекітуге көмектеседі.	4		+							
D6	Кәсіби бағытталған ғылыми байланыс (ағылшын тілінде)	Курсты оқудың мақсаты-кәсіби қарым-қатынас үшін қажетті коммуникативті құзыреттілік негіздерін алу, ақпараттық қызмет және одан әрі өзін-өзі дамыту құралы ретінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас формаларын игеру. Ғылыми сөйлеу стилінің формалары мен нормалары, сондай-ақ ғылыми диалог немесе коммуникация кезінде шындықты іздеу үшін тұлғаның логикалық мәдениеті зерттеледі.	4						+	+		
	Әдеби және шығармашылық жазу	Шығармашылық мәтіндерді тиімді жазу дағдыларын үйрету мақсатында оқытылады. Әдеби жұмыстардың құрылымы мен ұйымдастырылуының негізгі аспектілері қарастырылады; ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын дамыту; әдеби жазу стилін игеру: дәйексөз келтіру және парафразалау ережелері, сондай-ақ жазбаша жұмыстарда логикалық байланысты дәлелдер құру дағдыларын дамыту.	4				+		+	+		
Негізгі пәндер циклі												
Таңдау компоненті												
D7	Прагматикалық және когнитивтік лингвистика	Пәннің мазмұны тілдік бірліктердің әрекет, әсер ету және өзара әрекеттесу құралы ретінде коммуникативті мақсатын, сөйлейтін адамның мінез-құлқымен	5			+	+			+		

		байланысын, зерттеуге байланысты мәселелер шеңберін қамтиды. Пәнді оқытудың мақсаты-мәдениеттің негізгі бөлігі ретінде, әлеуметтік-мәдени ақпаратты беру және әлемнің ұлттық суреттерін қалыптастыру тәсілі ретінде тіл туралы антропоцентристік бағыттағы білімді қалыптастыру.										
	Аударма және лингвистикадағы SMART технологияларына кіріспе	Курс аударма процесінің теориялық және практикалық аспектілерін, соның ішінде әртүрлі аударма әдістері мен тәсілдерін талдауды зерттеуге арналған. Аударма стратегиясын, адам және жасанды тілдер арасындағы аударма техникасын, оның ішінде Web 2.0 және жасанды интеллект құралдарын пайдалану дағдыларын игеруге бағытталған.				+		+				
D8	Тіл және ойлау	Курс тіл-ойлау және когнитивті лингвистика қатынастарының ең өзекті лингвистикалық мәселелерінің бірі болып табылатын бірқатар негізгі ережелерді қарастыруға арналған, мұнда тіл оның сөйлеушілеріне әлем туралы білім алуға, сақтауға және беруге мүмкіндік беретін когнитивті механизм ретінде көрінеді. Бұл пәнді оқып білу антропоцентризмге негізделген қазіргі лингвистиканың әдіснамалық принциптерінің өзгеруімен байланысты.	5						+	+	+	
	Аударманың лингвомәдени аспектілері	Курс аударманың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде тілдің мәдени ерекшеліктерін және коммуникацияның ұлттық ерекшеліктерін түсіну мен есепке алуды қамтитын мәдени аспектілерді зерттеуге арналған; ғылыми салаға қатысты терминдер мен өрнектерді түсіну және аудару, ғылыми дәстүрлер мен тәжірибелердегі мәдени айырмашылықтарды ескеру.							+	+	+	
Бейіндік пәндер циклі												
ЖОО компоненті												
D9	Аударма менеджменті және жобаларды басқару	Курс кәсіби қызмет саласындағы аударма қызметтерін басқару, ұйымдастыру, қолдау және ілгерілету аясында,	4				+	+				

		күзыреттерді дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, пәнді оқытудың мақсаты логикалық ойлауды дамыту аясындағы білім, шеберлік және дағдыларды қоса, жобалау технологияларын меңгеру дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар, қойылған мақсат және оларды шешудің оңтайлы әдістерін таңдау технологиялары шеңберіндегі міндеттерді анықтау болып табылады.										
D10	Аударматану мен лингвистикадағы зерттеу әдістері	Курсты оқып білудің мақсаты ғылыми жобалар мен ғылыми жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру; зерттеу әдістемесін әзірлеу үшін зерттеу әдістерін таңдау, гипотезаларды қалыптастыру және деректермен жұмысты ұйымдастыру, сонымен қатар аударматану және лингвистика саласында жаңа білім мен теориялық түсінікті қалыптастыруға бағытталған.	4					+	+			+
D11	Аударма дидактикасы	Курс аударма оқытушысының (оқыту қызметі) және білім алушының (танымдық қызмет) қызметімен байланысты аударма іс-әрекеті бойынша мамандарды дайындаудың заманауи әдістері мен технологияларын зерттеуге арналған. Пәнді оқудың нысаны аударманы зерттеу әдістерінің жиынтығы, аудармашының кәсіби күзыреттілігінің критерийлері, ауызша және жазбаша аударманы оқытуға арналған жаттығуларды құру негіздері болып табылады.	4		+	+	+					
Таңдау компоненті												
D12	Аудиовизуалды аударманың қазіргі тенденциялары	Бұл курс мәтінге бағытталған лингвистикалық, функционалды-семиотикалық, функционалды-дидактикалық, коммуникативті-семиотикалық және коммуникативті-функционалды тәсілдерді зерттеуге бағытталған. Бұл курс студенттерге мақсатты аудиторияларды, жанрларды және сюжеттік қозғалыстарды түсінуге көмектеседі, ауызша сөйлеуге еліктеуді сақтауға және аудармада динамикалық	7			+	+			+		+

		эквиваленттілікке қол жеткізуге, субтитрлерге, дауыстық және дубляжға аударма негіздерін игеруге үйретеді.										
	Тілдік локализация	Бұл курс өнімді белгілі бір елде/аймақта тарату және пайдалану үшін аударманы және мәдени бейімделуді қамтитын тілдік локализация негіздерін түсінуге бағытталған. Пәнді оқу барысында білім адушылар оқырманға/тыңдаушыға өнімді локализациялайтын мақсатты аудиторияның өнімді қабылдауына әсер етуі мүмкін мәдени және әлеуметтік факторларды ескере отырып, мағынасын жеткізуді үйренеді.				+	+			+		
D13	Тұлғааралық коммуникация және цифрлық мәдениет	Бұл курс қазіргі мәдениетте болып жатқан өзгерістерді талдауға бағытталған және цифрландыру дәуіріндегі мәдениет пен коммуникацияның динамикалық өзара әрекеттесуінің жаңа моделін ұсынады. Курста қазіргі қазақстандық аударматану үшін неғұрлым қызықты, перспективалы немесе симптоматикалық мысалда коммуникацияның агрессивті немесе толерантты тәжірибелерін алдын ала анықтайтын коммуникативтік мәдениеттің әртүрлі модельдерін сыни талдауға ерекше назар аударылады.	7							+	+	+
	Мақсатты аудиторияға лингвистикалық әсер ету технологиялары	Бұл курс қазіргі медиа кеңістіктегі аудиторияға әсер ету технологиясын зерттеуге бағытталған. Оқу процесінде импринтинг, прайминг, сторителлинг, фрейминг және дизайн сияқты теориялық конструкциялар қарастырылады. Бұл стратегияларға ақпараттық қоғамдағы байланысты басқаратын манипуляциялық стратегиялар кіреді.								+	+	+
D14	Әр түрлі мәтіндердің жазбаша аудармасы	Курс болашақ жазбаша аудармашылардың кәсіби дағдыларын үйренуге және жетілдіруге, аударманың әртүрлі салаларында ой-өрісін кеңейтуге; әр түрлі тақырыптағы және стильдегі мәтіндермен жұмыс жасауға арналған. Бастапқы және аударылған тілдердегі мәтіннің әртүрлі принциптері мен мәнмәтіндерін білу мен түсінуді	7				+			+	+	

		қалыптастыруға және жетілдіруге көмектеседі.										
	Smart-технологиялар саласындағы ауызша аударма	Бұл пән конференциялар мен келіссөздер барысында рөлдік ойындар мен кейстер түрінде аударма дағдыларын пысықтауға бағытталған. Метафоралармен, идиомалармен және ерекше мәдени реалиялармен жұмыс істеу әдістерімен қатар аударма этикасының нюанстары түсіндіріледі. Ілеспелі аударма, сондай-ақ цифрлық технологияларды игеру ерекше орын алады.					+		+	+		
D15	Аударма сапасын бағалау	Бұл пән студенттерге аударма сапасын бағалаудың кәсіби әдістерін үйретуге бағытталған. Курс сапаны тексеру нүктелерін, аудармашылардың құзыреттілігін үнемі тексеруді, сондай-ақ клиенттердің кері байланысын талдауды зерттейді. Бұл курс студенттерге заманауи медиа кеңістікте жоғары сапалы аударманы қамтамасыз ету үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі.	6				+		+		+	
	Арнайы аударма. Қысқаша мазмұн және аңдатпалау жасау	Бұл курс белгілі бір салаға қатысты мәтіндермен жұмыс істеуге арналған (мысалы, экономика немесе құқық). Мамандандырылған материалдардың басым белгілері презентацияның объективтілігі мен жүйелілігін қамтамасыз ететін құралдар болып табылады. Пән аясында студенттер іскерлік әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс істеу стратегиясын құру дағдыларын меңгереді.					+		+		+	
D16	Зерттеу тәжірибесі	Курс аударматану саласындағы ғылыми жобаларды әзірлеу үшін қажетті ғылыми әдістерді зерттеуге арналған. Ғылыми зерттеу әдіснамасын зерттеуге және құруға бағытталған, атап айтқанда: деректерді жинау, талдау және түсіндіру, сондай-ақ аударматану мен лингвистика саласындағы ғылыми жұмыстарды жазу және нәтижелерді ұсыну	14						+		+	

Оқытудың жоспарланған нәтижелерін оқыту және бағалау әдістерімен келісу

Оқыту нәтижелерінің коды	Оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1 ОН 2	Осы модульді зерделеу нәтижесінде магистрант: – аударматану мен лингвистикадағы әртүрлі бағыттарды талдау, аударманы жаһандық трансформациялық ғылым ретінде түсіну; – педагогикалық және психологиялық міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты жинауды, талдауды, таңдауды жүзеге асыру; – берілген кәсіби жағдайларда арнайы кәсіби бағдарланған материалды қолдану; – кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану; – өз білімін үнемі жетілдіріп отыру және барлық кәсіби қызмет барысында өзгермелі технологияларға сәтті бейімделу	кейс-әдістер, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, фасилитациялық сессиялар	эссе жазу ауызша емтихан кешенді тест презентациялар мәтінмәндік тапсырмалар өзара бағалау
ОН 4 ОН 6 ОН 7	Модульді игеру нәтижесінде магистрант: – аударматану мен лингвистикадағы әртүрлі бағыттарды талдау, аударманы жаһандық трансформациялық ғылым ретінде түсіну; – берілген кәсіби жағдайларда арнайы кәсіби бағдарланған материалды қолдану; – кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану; – өз білімін үнемі жетілдіріп отыру және барлық кәсіби қызмет барысында өзгермелі технологияларға сәтті бейімделу – тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияда аударманың барлық түрлерін жүзеге асыру; – мәдениетаралық қарым-қатынастың барлық салаларында коммуникативті мәселелерді шеше отырып, жазбаша және ауызша түрде шет тілінде сөйлеуді қабылдау және тудыру; – кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде лингвистика ұғымдары мен категорияларымен еркін жұмыс істей білу	оқытудың белсенді шығармашылық түрлері: кейс–стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, контекстік міндеттер; семинарлар, фасилитациялық сессиялар және жеке зертханалық жұмыстар; төңкерілген сынып(Flipped Class); сандық және трансмедиа әңгімелері	эссе жазу ауызша және жазбаша емтихан кешенді тест жоба мәтінмәндік тапсырмалар өзара бағалау
ОН 3	– аударматану мен лингвистикадағы әртүрлі бағыттарды талдау,	оқытудың белсенді	эссе жазу

<p>ОН 4 ОН 6 ОН 7 ОН 8</p>	<p>аударманы жаһандық трансформациялық ғылым ретінде түсіну; – берілген кәсіби жағдайларда арнайы кәсіби бағдарланған материалды қолдану; – кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану; – өз білімін үнемі жетілдіріп отыру және барлық кәсіби қызмет барысында өзгермелі технологияларға сәтті бейімделу; – тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияда аударманың барлық түрлерін жүзеге асыру; – мәдениетаралық қарым-қатынастың барлық салаларында коммуникативті мәселелерді шеше отырып, жазбаша және ауызша түрде шет тілінде сөйлеуді қабылдау және тудыру; – кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде лингвистика ұғымдары мен категорияларымен еркін жұмыс істей білу</p>	<p>шығармашылық түрлері: кейс–стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, контекстік міндеттер; семинарлар, фасилитациялық сессиялар және жеке зертханалық жұмыстар; төңкерілген сынып(Flipped Class); сандық және трансмедиа әңгімелері</p>	<p>ауызша емтихан кешенді тест жоба презентациялар өзара бағалау</p>
<p>ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8</p>	<p>Модульді игеру нәтижесінде магистрант: – аударматану мен лингвистикадағы әртүрлі бағыттарды талдау, аударманы жаһандық трансформациялық ғылым ретінде түсіну; – берілген кәсіби жағдайларда арнайы кәсіби бағдарланған материалды қолдану; – кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану; – өз білімін үнемі жетілдіріп отыру және барлық кәсіби қызмет барысында өзгермелі технологияларға сәтті бейімделу; – тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияда аударманың барлық түрлерін жүзеге асыру; – мәдениетаралық қарым-қатынастың барлық салаларында коммуникативті мәселелерді шеше отырып, жазбаша және ауызша түрде шет тілінде сөйлеуді қабылдау және тудыру; – кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде лингвистика ұғымдары мен категорияларымен еркін жұмыс істей білу</p>	<p>оқытудың белсенді шығармашылық түрлері: кейс–стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, контекстік міндеттер; семинарлар, фасилитациялық сессиялар және жеке зертханалық жұмыстар; төңкерілген сынып(Flipped Class); сандық және трансмедиа әңгімелері</p>	<p>ауызша және жазбаша емтихан эссе есеп тест презентациялар жоба өзара бағалау</p>
<p>ОН 3 ОН 4</p>	<p>Осы модульді зерделеу нәтижесінде магистрант: – аударматану мен лингвистикадағы әртүрлі бағыттарды талдау,</p>	<p>оқытудың белсенді шығармашылық</p>	<p>ауызша және жазбаша емтихан</p>

<p>ОН 5 ОН 6</p>	<p>аударманы жаһандық трансформациялық ғылым ретінде түсіну; – педагогикалық және психологиялық міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты жинауды, талдауды, таңдауды жүзеге асыру; – берілген кәсіби жағдайларда арнайы кәсіби бағдарланған материалды қолдану; – кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану; – өз білімін үнемі жетілдіріп отыру және барлық кәсіби қызмет барысында өзгермелі технологияларға сәтті бейімделу; – тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияда аударманың барлық түрлерін жүзеге асыру; – мәдениетаралық қарым-қатынастың барлық салаларында коммуникативті мәселелерді шеше отырып, жазбаша және ауызша түрде шет тілінде сөйлеуді қабылдау және тудыру; – кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде лингвистика ұғымдары мен категорияларымен еркін жұмыс істей білу</p>	<p>түрлері: кейс–стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, контекстік міндеттер; семинарлар, фасилитациялық сессиялар және жеке зертханалық жұмыстар; төңкерілген сынып(Flipped Class); сандық және трансмедиа әңгімелері</p>	<p>эссе есеп тест презентациялар жоба мәтінмәндік тапсырмалар өзара бағалау</p>
<p>ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 8</p>	<p>– аударматану мен лингвистикадағы әртүрлі бағыттарды талдау, аударманы жаһандық трансформациялық ғылым ретінде түсіну; – педагогикалық және психологиялық міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты жинауды, талдауды, таңдауды жүзеге асыру; – берілген кәсіби жағдайларда арнайы кәсіби бағдарланған материалды қолдану; – кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану; – өз білімін үнемі жетілдіріп отыру және барлық кәсіби қызмет барысында өзгермелі технологияларға сәтті бейімделу; – тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияда аударманың барлық түрлерін жүзеге асыру; – мәдениетаралық қарым-қатынастың барлық салаларында коммуникативті мәселелерді шеше отырып, жазбаша және ауызша түрде шет тілінде сөйлеуді қабылдау және тудыру; – кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде лингвистика ұғымдары мен категорияларымен еркін жұмыс істей білу</p>	<p>оқытудың белсенді шығармашылық түрлері: кейс–стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, контекстік міндеттер; семинарлар, фасилитациялық сессиялар және жеке зертханалық жұмыстар; төңкерілген сынып(Flipped Class); сандық және трансмедиа әңгімелері</p>	<p>ауызша және жазбаша емтихан эссе есеп тест презентациялар жоба мәтінмәндік тапсырмалар өзара бағалау</p>

<p>ОН 2 ОН 6 ОН 8</p>	<p>– аударматану мен лингвистикадағы әртүрлі бағыттарды талдау, аударманы жаһандық трансформациялық ғылым ретінде түсіну; – педагогикалық және психологиялық міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты жинауды, талдауды, таңдауды жүзеге асыру; – берілген кәсіби жағдайларда арнайы кәсіби бағдарланған материалды қолдану; – кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану; – өз білімін үнемі жетілдіріп отыру және барлық кәсіби қызмет барысында өзгермелі технологияларға сәтті бейімделу; – тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияда аударманың барлық түрлерін жүзеге асыру; – мәдениетаралық қарым-қатынастың барлық салаларында коммуникативті мәселелерді шеше отырып, жазбаша және ауызша түрде шет тілінде сөйлеуді қабылдау және тудыру; – кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде лингвистика ұғымдары мен категорияларымен еркін жұмыс істей білу</p>	<p>оқытудың белсенді шығармашылық түрлері: кейс–стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, контекстік міндеттер; семинарлар, фасилитациялық сессиялар және жеке зертханалық жұмыстар; төңкерілген сынып(Flipped Class); сандық және трансмедиа әңгімелері</p>	<p>ауызша және жазбаша емтихан эссе есеп тест презентациялар жоба мәтінмәндік тапсырмалар өзара бағалау</p>
-------------------------------	---	--	---

Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	Біледі: аударманың негізгі теориялары, мәтінді талдау әдістері, лингвистикалық құрылымдар мен тілдік ерекшеліктер және аудармаға әсер ететін мәдени, әлеуметтік және тарихи контексттер
	Істей алады: дереккөздер мен мақсатты аудиторияны талдай алады, аударманың тиісті стратегияларын таңдай алады, түпнұсқаның мағынасы мен стилін сақтай отырып, идеяларды басқа тілде парафразалап, жеткізе алады, сонымен қатар әртүрлі аударма құралдары мен бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істей алады
	Меңгерді: тілдің күрделі идеялары мен нюанстарын жеткізу, контекст пен эмоционалды тонды сақтау, сондай-ақ аударма практикасының кәсіби және этикалық стандарттарын сақтау дағдылары
ОН 2	Біледі: бақылау, сауалнамалар, сұхбаттар, стандартталған тесттер және педагогика мен психологияда қолданылатын басқа әдістер сияқты әртүрлі ақпарат көздерін біледі
	Істей алады: деректерді жинаудың әртүрлі әдістерін қолдана алады, оларды нақты контексттер мен мақсаттарға бейімдей алады, сонымен қатар алынған деректерді талдай алады және шешім қабылдауға пайдалы болуы мүмкін үлгілер мен трендтерді таба алады
	Меңгерді: педагогикалық және психологиялық міндеттерді шешу үшін білім мен дағдыларды қолдануда шеберлік пен құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие
ОН 3	Біледі: арнайы кәсіби бағдарланған материалдарды, олардың мазмұнын және белгілі бір кәсіби саладағы рөлін біледі.
	Істей алады: нақты міндеттерді шешу үшін тиісті материалдарды таба, бағалай және таңдай алады, оларды қажеттіліктер мен мақсаттарға бейімдей алады, сондай-ақ кәсіби бағдарланған материалдарға қол жеткізу үшін әртүрлі құралдар мен ресурстарды пайдалана алады.
	Меңгерді: ақпаратты талдау, оны жұмыс контекстінде қолдану, сондай-ақ мамандықтың қажеттіліктері мен талаптарына байланысты кәсіби бағдарланған материалдарды бейімдеу қабілетіне ие.
ОН 4	Біледі: кәсіби аударма қызметін жобалау мен жүзеге асыруда заманауи инновациялық әдістер мен технологияларды біледі
	Істей алады: тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен және құралдармен жұмыс істей алады, әдістер мен технологияларды нақты кәсіби лингвистикалық міндеттерге бейімдей және қолдана алады, сондай-ақ инновациялық тәсілдерді аудармашының жұмысына біріктіре алады
	Меңгерді: қойылған мақсаттарға қол жеткізу және күрделі міндеттерді шешу үшін инновациялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қабілетіне, сондай-ақ өзгермелі ортаға жоғары бейімделуге және жаңа әдістер мен технологияларды игеру жылдамдығына ие
ОН 5	Біледі: аударма және лингвистика саласындағы жұмысқа байланысты және кәсіби іс-шараларға қатысу және әріптестерімен тәжірибе алмасу үшін қажетті заманауи инновацияларды, зерттеулер мен озық тәжірибелерді біледі

	<p>Істей алады: жаңа ақпаратты тез игере алады, оның маңыздылығын бағалай алады және аудармада қолдана алады, сонымен қатар аудармашының кәсіби багажын кеңейту үшін әртүрлі оқыту ресурстары мен құралдарын қолдана алады</p> <p>Меңгерді: өздігінен ұйымдастыруға, үнемі кәсіби дамуға және жаңа технологиялар мен жұмыс әдістерін үйренуге дайын болуға, сондай-ақ өзгермелі ортаға бейімделуге, жаңа білімді тиімді қолдануға және үнемі кәсіби және жеке дамуға сын ретінде қажетті өзгерістерге қабілетті</p>
ОН 6	<p>Біледі: аударманың әртүрлі түрлерін, тілдердің лингвистикалық және мәдени ерекшеліктерін, аударма принциптері мен стратегияларын, сондай-ақ әртүрлі тілдер мен мәдениеттердің өзгешеліктері мен ерекшеліктерін біледі.</p> <p>Істей алады: тіларалық және мәдениетаралық ортада аударманы жүзеге асыра алады, аударманы мақсатты аудитория мен контекстке бейімдей алады, түпнұсқаның мағынасы мен нюанстарын ақпаратты жоғалтпай басқа тілге жеткізе алады және мәдениетаралық диалогты жүзеге асыру үшін қажетті түрлі құралдар мен ресурстармен жұмыс істей алады.</p> <p>Меңгерді: нақты коммуникативтік жағдайға қатысты екі тіл мен мәдениеттің мәдени, әлеуметтік және стилистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияда аударманың барлық түрлерін жүзеге асыруда шеберлік пен құзыреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген.</p>
ОН 7	<p>Біледі: шет тілінің ережелері мен құрылымын, осы тілде сөйлейтіндермен тиімді қарым-қатынасқа әсер ететін әртүрлі мәнмәтіндер мен мәдени нюанстардағы қарым-қатынас ерекшеліктерін біледі.</p> <p>Істей алады: шет тілін оқи алады, тыңдай алады, түсіне алады, осы тілде өз ойларын, идеяларын мен эмоцияларын білдіре алады, сөйлеуін әртүрлі коммуникативті міндеттер мен мәнмәтіндерге бейімдей алады, дұрыс грамматикалық құрылымдарды қолдана алады, лексиканы дұрыс таңдай алады және шет тілдік қарым-қатынасқа байланысты мәдени ерекшеліктерді бағдарлай алады.</p> <p>Меңгерді: әртүрлі жағдайлар мен контексттерде шет тілінде еркін және сауатты қарым-қатынас жасау, идеяларды қалыптастыру, өз ұстанымын дәлелдеу және мәдениетаралық қарым-қатынастың әртүрлі салаларында ана тілінде сөйлейтіндермен табысты қарым-қатынас жасау қабілетін ие.</p>
ОН 8	<p>Біледі: аударма мен лингвистикада қолданылатын негізгі терминдерді, модельдер мен теорияларды, олардың кәсіби қызмет контекстінде қолданылуын, сондай-ақ тіл мен коммуникацияны зерттеудегі негізгі принциптерді, заңдылықтар мен тенденцияларды біледі</p> <p>Істей алады: лингвистикалық құбылыстарды талдай алады, олардың құрылымы мен қызметін анықтай алады, лингвистикалық құбылыстарды түсіндіру және интерпретациялау үшін лингвистикалық тұжырымдамаларды қолдана алады, мәтіндерді, коммуникацияны және аударма мен лингвистиканың басқа да лингвистикалық процестерін талдау үшін лингвистикалық әдістер мен тәсілдерді қолдана алады</p> <p>Меңгерді: лингвистикалық тұжырымдамаларды терең түсінуді, оларды әртүрлі лингвистикалық және коммуникативті жағдайларға қолдана білуді, лингвистикалық білімге негізделген сыни ойлау мен талдау қабілетін, сондай-ақ лингвистикалық тәсіл арқылы қиындықтар мен стандартты емес жағдайларды жеңе білуді және лингвистикалық тұжырымдамаларға негізделген жаңа идеялар мен шешімдерді ұсына білуді біледі.</p>

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
<p>1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Жазбаша да, ауызша да тиімді және анық қарым-қатынас жасай білу, өз ойлары мен идеяларын анық жеткізе білу, басқа адамдарды тыңдай және түсіне білу, тілді сауатты пайдалану және қарым-қатынасты әртүрлі аудиториялар мен мәнмәтіндерге бейімдеу. – Топтық жұмыс шеңберінде басқа адамдармен тиімді жұмыс істей білу, басқа топ мүшелерінің пікірлері мен идеяларын тыңдау, сындарлы сын қабылдау, білім мен тәжірибемен бөлісу, ортақ мақсаттарға жету және келісілген ұжымда жұмыс істеу. – Жаңа құралдар мен технологияларды оқытуға дайындық, сондай-ақ әртүрлі жұмыс жағдайлары мен жобалардың талаптарына тез бейімделу мүмкіндігі. – Өз іс-әрекеттері мен нәтижелеріне жауапты болу, Кәсіби этиканың жоғары дәрежесін көрсету, тапсырыс берушілердің мерзімдері мен талаптарын сақтау, сондай-ақ ақпараттың құпиялылығын сақтау қабілеті. – Уақытты тиімді басқара білу, басымдықтарды белгілеу және жұмысты ұйымдастыру.
<p>2. Сандық құзыреттер (Digital skills)</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Аударма мен лингвистикаға байланысты әртүрлі бағдарламалар мен құралдарды қолдана білу. – Тиісті құралдар мен әдістерді қолдана отырып, мәтіндер мен деректердің үлкен көлемін өңдеу және талдау мүмкіндігі. – Деректер базасымен жұмыс істей білу, мәтіндерді статистикалық талдау, машиналық оқыту және жасанды интеллект құралдарын пайдалану. – Ақпараттың дұрыстығын бағалай білу, электрондық ресурстармен жұмыс істеу, іздеу жүйелері мен каталогтарды тиімді пайдалану, сондай-ақ ақпаратты өңдеу кезінде сыни ойлау дағдыларына ие болу. – Деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету, қауіпсіз желілік қосылыстарды пайдалану, дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнама мен нормаларды сақтау қабілеті.
<p>3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Аударма, мәдениетаралық коммуникация және оқытылатын шет тілдері саласындағы негізгі ұғымдар мен әдіснамалық мәселелерді түсіну және қолдану. – Кәсіби жағдайларда мамандандырылған материалды қолдана білу, оның ішінде әртүрлі тақырыптар бойынша егжей-тегжейлі жазбаша сипаттамалар беру, ұсынылған позицияның жағымды және жағымсыз жақтарын талдау, нақты мәлімдемелер тұжырымдау, негізгі ойларды бөліп көрсету және қолдаушы және қарсы дәлелдер келтіру, сондай-ақ тілдің ұлттық-мәдени және кәсіби ерекшеліктерін білу. – Ағылшын тілінің грамматикасы туралы жүйеленген білімге және оларды әртүрлі ауызша және жазбаша коммуникациялық жағдайларда қолданудың автоматтандырылған дағдыларына ие болу. – Мәтіндік редакторлар мен аударма бағдарламаларын қолдана отырып, аударма дағдыларын меңгеру, аударма құжаттамасын рәсімдеу, сондай-ақ аударма кезінде стилистикалық өзгерістер енгізу мүмкіндігі.

- | | |
|--|--|
| | <ul style="list-style-type: none">– Лингвистикалық және лингво-аудармалық талдаудың негізгі әдістерін білуді, ғылыми зерттеудің құрылымы мен кезеңдерін, сондай-ақ шешендік өнердің негіздерін түсінуді қоса алғанда, ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын меңгеру.– Аударманың сапасын бағалау, мәтіндерді өңдеу және редакциялау, рефераттар мен аннотациялар жасау қабілеті.– Әр түрлі тақырыптар бойынша егжей-тегжейлі жазбаша сипаттамалар беру, ұсынылған позицияның жағымды және жағымсыз жақтарын талдау, нақты мәлімдемелер тұжырымдау, негізгі ойларды бөліп көрсету және қолдаушы және қарсы дәлелдер келтіру, сондай-ақ мақсат қою принциптерін білу.– Тілдерді оқыту саласындағы инновацияларды білу, пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімді меңгеру, білік. |
|--|--|

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі


Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының профессор ассистенті

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы



Туркенова С.С.

Шелестова Т.Ю

Аратаева А.Т.

Калижанова А.Н.

Эм Т.В.

Қайыргелді М.Қ.

Білім беру бағдарламасы факультеттің Кеңес отырысында қарастырылған, хаттама № 3 06.11.2023 ж.

Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңес отырысында қарастырылған, хаттама № 5 29.04 2024 ж.

Білім беру бағдарламасы университеттің ғылыми Басқарма отырысында қарастырылған және бекітілген, хаттама № 8 24.05 2024 ж.

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер бойынша проректор

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Шетел тілдер факультетінің деканы



М.М. Умуркулова

Т.М. Хасенова

Г.К. Тлеужанова